

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

1470.	Асылбекова А.А.	Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана	6308
1471.	Аширбекова А.Б.	Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі	6314
1472.	Амирова Б.К.	Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы	6316
1473.	Бейбітұова І.Б.	Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі	6319
1474.	Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т.	Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы	6323
1475.	Егежанова Д.Р.	О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство	6326
1476.	Есентемирова А.М.	Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан	6330
1477.	Еркін Ә.	Коррупция и правовые методы борьбы с ней	6340
1478.	Жармаханбетова Б.А.	Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях	6345
1479.	Жолдасбек М.Б.	Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері	6348
1480.	Жеңіс Е.Е.	Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері	6353
1481.	Жанаев Е.А.	Роль морали в правовых решениях и законодательных актах	6357
1482.	Кажтай А.Н.	Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері	6360
1483.	Карсибек С.А.	ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері	6364
1484.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6367
1485.	Кошкенбек Б.Б.	Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі	6371
1486.	Қалыбаева А.Ә.	Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері	6377
1487.	Қалқазбек Н.Е.	Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары	6380
1488.	Маликов Ж.Н.	Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі	6383

1489.	Маратов А.Б.	Роль юристов защиты прав юридических лиц	6385
1490.	Отыншиева Г.	Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы	6387
1491.	Роман К.Д.	Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи	6390
1492.	Сұңғатов С.С.	Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы	6392
1493.	Салиханов А.Б.	Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления	6396
1494.	Турегелдиев Б.У.	Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы	6402
1495.	Тәуірғалиева А.Б.	Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар	6405
1496.	Табанова Ж.А.	Защита прав женщин: международный аспект	6409
1497.	Тәжі Ә.Т.	Цифровизация прав граждан РК	6413
1498.	Тигай Б.А.	Проблемы налогового правоприменения в РК	6415
1499.	Шоманова К., Ясинова Д.	Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі	6423
1500.	Ібіжан Г.Ә.	Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья	6427
1501.	Yagmussova A.F.	The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation	6431

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

1502.	Алмагамбетов М.	Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы	6436
1503.	Булатова Л.Б.	Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі	6440
1504.	Ибрашев А.М.	Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности	6443
1505.	Искаков Р.А.	Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан	6446
1506.	Көбеген А.М.	Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері	6452
1507.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен	6456

		өзекті мәселелер	
1508.	Нургалиева М.Е.	Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса	6459
1509.	Рустами-Кадырбекова Ж.	Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения	6464
1510.	Сураганова Д.Д.	Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан	6468
1511.	Третьяк М.В.	Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни	6471
1512.	Третьякова Ж.В.	К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь	6475
1513.	Тыныбек кызы А.	Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости	6478
1514.	Тюлегенова А.А.	Правовые аспекты использования земли	6481

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

1515.	Азенова С.Р.	Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары	6485
1516.	Абдықадыр А.Б.	Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект	6488
1517.	Байносерова А.Г.	Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер	6495
1518.	Бахыт І.Б.	Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства	6500
1519.	Жакишева Д.К.	Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары	6504
1520.	Жұмадулла Қ.Ф.	Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір	6508
1521.	Маратова А.М.	Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела	6510
1522.	Шариф М.Қ.	Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі	6514
1523.	Жунусов Д.С.	Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход	6517
1524.	Khamidullina R.	Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And	6520

		Kazakhstan Models	
1525.	Киікбай Б.С.	Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері	6523
1526.	Салимжуаров Г.Ф.	Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз	6528
1527.	Серіктай Н.Ө.	Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы	6531

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

1528.	Адильхан Х.Б.	Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі	6536
1529.	Арзанбекова К.Қ.	Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны	6538
1530.	Ахметжанова А.А.	Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы	6540
1531.	Айзак А.Ж.	Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы	6544
1532.	Әжібекова А.Е.	ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе	6546
1533.	Болатбекова А.А.	Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы	6552
1534.	Бөлебай А.Б.	Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері	6555
1535.	Дүйсен Қ.А.	Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері	6563
1536.	Карсибек С.А.	Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары	6566
1537.	Кенеспек Д.М.	Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары	6569
1538.	Кийкбай Н.К.	Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері	6572
1539.	Кожанова Д.Р.	Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта	6575
1540.	Көбейсін Ө.Т.	Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар	6578
1541.	Койчубекова А.А.	Уголовная ответственность за	6580

		насильственные действия сексуального характера	
1542.	Қабдылова А.Қ.	Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері	6585
1543.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6590
1544.	Орынбай Ш.А.	Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі	6593
1545.	Сайлаубек М.Ж.	Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері	6597
1546.	Төрехан А.Ә.	Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері	6600
1547.	Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е.	Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК	6607

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

1548.	Алиев Е.	Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан	6611
1549.	Аршабаева Р.С.	Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері	6616
1550.	Данияр Ә.А.	Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов	6620
1551.	Кабдрахманов А.Е.	Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов	6626
1552.	Qodirova T.R.	The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights	6631
1553.	Медетова М.Б.	Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері	6634
1554.	Мыктыбаева Д.А.	Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан	6640
1555.	Мырзаханов Ә.Е.	Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер	6645
1556.	Рублевский А.А.	Этическая дилемма статуса эмбриона	6648
1557.	Тулеген А.С.	Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc	6652

10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ

1558.	Акынов Д.М.	Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС	6657
1559.	Ануарбек А.	Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы	6661
1560.	Жаксылыков К.К.	Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров	6665
1561.	Каримова Ф.Х.	Защита персональных данных в международном частном праве	6669
1562.	Мирзоева М.М.	К вопросу о сущности деловой репутации	6675
1563.	Раджабов М.Д.	Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве	6679

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1564.	Ануарбек А.	Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты	6683
1565.	Burieva M.S.	The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes	6687
1566.	Nasreddinzoda N.	The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects	6691
1567.	Шалгымбаева А.Н.	Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов	6693

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

1568.	Аманжолова Ш.Ф.	Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау	6698
1569.	Батирбекова А.Т.	Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки	6702
1570.	Бекетов Д.Н.	Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане	6707

Секция бөлімі 10.2 Азаматтық және экологиялық құқық.

УДК 346.14

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

Алмагамбетов Мансур

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті 2 курс, «Құқықтану»

мамандығының студенті,

Ғылыми жетекші– заң ғылымдарының докторы, профессор

Ибрагимов Ж.И.

Қазіргі жағдайда, кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің мемлекетпен қарым–қатынасы өзара әрекеттесу тетігі деп аталатын белгілі бір жүйе шеңберінде жүзеге асырылады, оның басты мақсаты жеке және қоғамдық мүдделерді келістіру арқылы өзара пайда алу.

Кәсіпкерлік пен жария билік субъектілерінің өзара іс–қимыл механизмдерін айқындайтын ең жоғары құндылық адам мен азаматтың, оның ішінде кәсіпкерлердің құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында өзін жариялаған құқықтық мемлекеттің міндеті бұзылған құқықты әділ және тез қалпына келтіру ғана емес, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеу. Осылайша, мемлекеттің кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін құруы олардың өзара әрекеттесу процесінің қажетті және маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Демек, адам, оның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық болып табылатын қазіргі қоғамда соттық қорғауына конституциялық құқықтың кепілдігі мен мызғымастығы «әркімге оның құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға кепілдік беретін» құқықтық мемлекет құрылымының негізі болып табылады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 13–бабы) [1,1].

Әрине адам құқықтарын қорғау және оның кепілдіктерінің жүзеге асырылуы халықаралық құқықтық актілерде де көрініс табады.

Осы тектес ережелер Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының № 217 А (III) резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 8–бабында қамтылған [2,1].

Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық әдістерінің жиынтығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясында, Азаматтық, Кәсіпкерлік кодекстерінде және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген кәсіпкерліктің құқықтық режимінің ажырамас бөлігі. Сонымен бірге кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың әр түрлі тәсілдері жеке құқықтық институттарға кіреді, олардың нормалары кәсіпкерлік қызмет саласындағы қатынастарды реттейді. Қазақстандағы кәсіпкерлік сөзсіз, маңызды салалардың бірі. Оның қолайлы дамуымен біздің экономикамыз бәсекеге қабілетті және тиімді болады деп күтуге болады.

Кәсіпкерлік — бұл мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған дербес, өз тәуекелімен жүзеге асырылатын бастамашыл қызмет.

Бұдан кәсіпкердің өз қызметі бағытталған оң нәтиже алмау ықтималдығы бар екендігі шығады. Оған қол жеткізудің бірден бір кепілі берілген құқықтарды кедергісіз жүзеге асыра отырып, қорғауды қамтамасыз ету. Осы орайда кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын қорғау нысандарын талдай отырып, тиімді тетіктерін анықтау зерттеу жұмысының негізін қалыптастырмақ. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлердің сот арқылы қорғалу құқығы тұрақты және ашық кәсіпкерлік ортаның негізі екені анық. Кәсіпкерлер үшін сот арқылы қорғану дауларды болдырмау, алдын алу мен шешудің, сонымен қатар олардың мүдделерін жеке және заңды тұлғалардың да, мемлекеттік органдардың да заңсыз араласуынан қорғаудың маңызды тетігін білдіреді.

Қазақстан дамушы құқықтық жүйесі бар ел ретінде кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын сот арқылы қорғауды тиімді қамтамасыз ету саласында әрине түрлі сындарға тап болады. Бұл зерттеу жұмысында мәселелерді анықтауға, олардың себептерін талдауға және шешімдерді ұсынуға баса назар аудара отырып, Қазақстандағы кәсіпкерлік құқықтарды сот арқылы қорғаудың негізгі қырлары қарастырылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды зерттеу, мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну, сонымен қатар соттық механизм арқылы кәсіпкерлердің құқықтарын іске асырудың тәжірибелік қырларын талдау. Жұмыстың маңызды қыры қолданыстағы сот тәжірибесінің тиімділігін және сот жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды бағалау.

Кәсіпкерлік өз тәуекелімен жүзеге асырылатын және жүйелі түрде таза пайда табуға бағытталған тәуелсіз бастамашыл қызмет ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген конституциялық құрылымның негізін құрайтын адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың бір түрі. Кәсіпкерлік қызметті дамыту еліміздің мемлекеттік саясатының басты бағыты болғандықтан, оған дәлел мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауларында әр уақытта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға қатысты міндеттер қоятындығы, атап айтқанда «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1–қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында [3,1] баса назар аударуы, мемлекет кәсіпкерлікті дамытудың тиісті кепілдіктерін көтермелеп, қамтамасыз етуі, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауы керектігін айқын көрсетеді. Бұл мәселені тереңірек талдай отырып, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелерін зерттеушілер кәсіпкерлік қызмет пайда табуға бағытталғандықтан, уақыт пен материалдық шығындарды кірістермен сәйкесінше өлшеуді талап ететіндігін дұрыс атап өтті. Осы ерекшеліктерге байланысты «кәсіпкерлік қызмет, бір жағынан, кәсіпкерлерге қойылатын талаптардың жоғарылауын, екінші жағынан, үлкен еркіндік пен әрекет ету ережелерін жеңілдетуді көздейді. Тиісінше, кәсіпкерлік құқықтарды қорғауды жүзеге асыру қарапайым және жедел шаралар мен рәсімдерді талап етеді» [4, 199].

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау деп олардың иелерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен мүдделерін қалпына келтіру немесе тану жөніндегі нормативтік белгіленген шаралардың (тетіктердің) жиынтығы түсініледі, олар белгілі бір нысандарда, белгілі бір тәсілдермен, заңмен белгіленген шекараларда, бұзушыларға заңдық жауапкершілік шараларын, сондай-ақ осы шараларды іс жүзінде іске асыру (орындылығы) тетігін қолдана отырып жүзеге асырылады. Құқықтарды қорғау тәсілдері деп бұзылған құқықтарды қалпына келтіру немесе тану жүргізілетін және құқық бұзушыға ықпал ету жүзеге асырылатын заңмен

бекітілген мәжбүрлеу сипатындағы материалдық-құқықтық және іс жүргізу шаралары түсініледі.

Кәсіпкерлік құқықтарды қорғаудың материалдық-құқықтық тәсілдері — бұл материалдық құқықтың қорғау нормаларына сәйкес құқықтарды қорғау жөніндегі іс қимыл тәсілдері. Қорғаудың іс жүргізу тәсілдері — бұзылған құқық туралы дауды қарау процесінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін тәсілдер. Солардың бірі біздің зерттеу жұмысымыздың арқауы болып отырған кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғау. Кәсіпкерлердің құқықтарын сот арқылы қорғауды реттейтін негізгі ережелер Қазақстан Республикасының Конституциясында, Азаматтық, Кәсіпкерлік, Азаматтық процесілік кодексте, сондай-ақ өзге де бірқатар нормативтік құқықтық актілерде қамтылған. Әрекет етуші кәсіпкерлік заңнамаға сәйкес, әрбір кәсіпкерлік субъектісінің өз құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға құқығы бар [5,1], яғни кәсіпкерлік қызмет субъектілері бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы. Белгілі бір елде сот төрелігін жүзеге асырудың әртүрлі ұйымдық нысандарының дамуының салдары сот ұйымының көп жүйелілігі, оның ішінде соттардың әр түрлі дауларды шешуде терең мамандануы, олардың жекелеген санаттарын белгілі бір белгілер бойынша бөлу осы қатынастардың қоғам өмірі үшін маңыздылығына байланысты. Бұл процесс экономикалық өмірі дамыған және оған сәйкес құқықтық жүйесі бар әртүрлі елдерге тән. В.Ф. Яковлевтің жалпы және мамандандырылған соттарды құру жалпыеуропалық стандарттарға сәйкес келетін демократиялық сот жүйесін құру ережесі [6, 11] деген пікірді алға тартқаны кездейсоқтық емес, демек судьялардың істердің қандай да бір санатына мамандануы бұл істердің жалпы юрисдикциялық соттарға қарағанда жоғары кәсіби базада осындай соттарда қаралатынын дәлелдейді.

Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтары: Заңнамалық негіздер және қорғау тетіктері Қазақстанда кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мемлекет саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл құқықтарды қорғау Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Кәсіпкерлік кодексінде», сондай-ақ азаматтық және қылмыстық заңнамаларында бекітілген. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға арналған шаралар экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің және бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасаудың басты құралдарының бірі болып табылады.

1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғаудың негізгі қағидаттары

1. Меншік құқығының кепілдігі Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-бабына сәйкес, жеке меншік құқығы заңмен қорғалады. Кәсіпкерлер өз мүлкін иемденуге, пайдалануға және билік етуге құқылы.

2. Еркін кәсіпкерлік Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік кодексінің» 10-бабында кәсіпкерлердің кез келген экономикалық қызмет түрімен айналысу еркіндігі бекітілген.

3. Заңның үстемдігі Барлық кәсіпкерлерге тең жағдай жасау және олардың заңды құқықтарын қорғау заңнаманың негізгі талаптары болып табылады.

4. Құқық қорғау органдарынан қорғау Кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделеріне заңсыз араласқан тұлғалар мен мемлекеттік органдар жауапкершілікке тартылады.

2. Кәсіпкерлердің құқықтарын бұзу түрлері

1. Рәкет және қысым көрсету Құқықтық нигилизм және ұйымдасқан қылмыстық топтардың әрекеті кәсіпкерлерді қорқытып, заңсыз төлемдер жасауға мәжбүрлейді.

2. Жемқорлық және бюрократиялық кедергілер Мемлекеттік органдардың жемқорлық әрекеттері мен рұқсат алу кезіндегі ұзаққа созылатын бюрократиялық рәсімдер бизнестің дамуына кері әсер етеді. 3. Монополистік әрекеттер Бәсекелестіктің болмауы немесе монополистік қысым кәсіпкерлердің еркін жұмыс істеуіне кедергі келтіреді.

3. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетіктері

1. Құқықтық негіздер • Қазақстан Республикасының «Кәсіпкерлік кодексі» кәсіпкерлердің құқықтары мен міндеттерін реттейтін негізгі құқықтық құжат болып табылады. • «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң кәсіпкерлерді жемқорлықтан қорғау мақсатында қабылданған.

2. Мемлекеттік органдардың рөлі • Атамекен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға, олардың мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуін жеңілдетуге және бизнес ортаны жақсартуға ықпал етеді. • Құқық қорғау органдары Полиция мен прокуратура кәсіпкерлердің құқықтарын бұзған жағдайларда шағымдарды қарап, қажетті шаралар қабылдайды. 3. Құқықтық көмек пен шағымдану • Кәсіпкерлердің құқықтары бұзылған жағдайда олар сот жүйесіне, прокуратураға, немесе мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне шағымдана алады. • Адвокаттық кеңселер және қоғамдық ұйымдар құқықтық көмек көрсетеді. 4. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бойынша ұсыныстар 1. Құқықтық сауаттылықты арттыру Кәсіпкерлерге заңнамадағы өзгерістер туралы тұрақты ақпарат беру және құқықтық тренингтер ұйымдастыру қажет. 2. Криминалдық қысымға қарсы іс-қимыл • Рәкет пен заңсыз әрекеттерге қарсы құқық қорғау органдарының тиімділігін арттыру. • Кәсіпкерлерге өз құқықтарын қорғау үшін арнайы ыстық желілер мен сенім телефондарының жұмысын ұйымдастыру.

1. Бизнес ортасын жақсарту

- Бюрократиялық кедергілерді азайту үшін цифрлық технологияларды енгізу.
- Шағын және орта бизнесті қолдау үшін жеңілдетілген несие бағдарламаларын ұсыну.

4. Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту

- Мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету.
- Жемқорлыққа қарсы қоғамдық бақылау механизмдерін енгізу.

5. Халықаралық тәжірибе: Кәсіпкерлерді қорғаудың табысты үлгілері 1. Сингапур тәжірибесі Сингапурда бизнестегі жемқорлыққа қарсы қатаң саясат қабылданған. Мемлекет кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үшін барынша ашық және тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құрды. 2. Германия үлгісі Германияда шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында салықтық жеңілдіктер мен арнайы құқықтық қорғау бағдарламалары жүзеге асырылады. 3. Оңтүстік Корея тәжірибесі Бизнеске қолдау көрсету үшін мемлекеттік субсидиялар мен инвестициялық гранттар ұсынылады. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің құқықтарын бұзған мемлекеттік қызметкерлер жауапкершілікке тартылады.

Қазақстандағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау – экономиканың тұрақтылығын сақтаудың негізгі факторларының бірі. Мемлекет пен қоғам бірлесе отырып, жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және кәсіпкерлік ортаны жақсарту арқылы кәсіпкерлердің құқықтарын тиімді қорғай алады. Бұған қоса, халықаралық тәжірибені қолдану және заңнаманы жетілдіру кәсіпкерлік қызметтің қауіпсіз әрі ашық жүзеге асуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда Республикалық референдумда қабылданды. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2 «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы». Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының № 217 А (III) резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда қабылданған. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> Қазақстан

3 «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1-қыркүйектегі халқына Жолдауы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K22002022_2

4 Акчурина А.Р. Способы защиты прав малого предпринимательства в РФ / А.Р. Акчурина // Историческая и социально-образовательная мысль. — 2014. — № 6–2. — С. 199–202.

5 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

6 Яковлев В.Ф. Арбитражные суды России с позиций европейских правовых норм [Текст] / В.Ф. Яковлев // Журнал российского права. — 1997. — № 7. — С. 11.

ХҒТАР 10.19.01

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Булатова Лейла Бауржановна

leibulat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Конституциялық және азаматтық құқық кафедрасы

«Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – з.ғ.к., доцент м.а.

Бердиярова Жамиля Серікбайқызы

Жасанды интеллект технологияларының дамуы жыл сайын жеделдеуде және жаңа заман талаптарын қоюда. Жасанды интеллект технологиялардың қоғамға әсерінің маңыздылығы нормативтік бекітуді және құқықтық реттелуді қажет ететін көптеген жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасуын тудырды. Оның қазіргі кездегі өзекті мәселелерінің бірі – адамның қатысуынсыз жасанды интеллектпен жасалған туындылар.

Осы жасанды интеллект арқылы жасалған туындыларға қатысты мәселе Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында көтерілген және цифрландырудың екінші проблемасы ретінде айқындалған және келесі анықтама берілген: «Жасанды интеллектінің қатысуымен жасалған туындыларға зияткерлік меншік құқығының тиесілігін нақтылау мәселесін шешумен айқындалады» [1]. Сонымен қатар жасанды интеллект жасаған объектілерінің құқықтық мәртебесін айқындау тек Қазақстанның